 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы»  акционерлік қоғамы</b>	
Құжаттың атауы:	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары үшін Жаңаөзен қаласының аумағында тауарлар өндіруді ұйымдастыруға кепілдік беретін Әлеуетті инвесторды (өнім берушіні) іріктеу регламенті</b>	
Құжат түрі: <b>Регламент</b>	<b>KMG-RG-4929.1-34</b>	<b>15 беттің 1-беті</b>
Өзірлеген: Р.Д. Нұрпейісов  2023 жылғы 8 қыркүйек	Тексерген: Б.А. Ілиясов  2023 жылғы « 8 » 12	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма шешімімен бекітілген 2023 жылғы « 11 » 12 № 56 хаттама

## 1 Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1. Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары үшін Жаңаөзен қаласының аумағында тауарлар өндіруді ұйымдастыруға кепілдік беретін Әлеуетті инвесторды (өнім берушіні) іріктеу регламенті (бұдан әрі - Регламент) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің 73-бабы 1-тармағының 14) тармақшасының талаптарына сәйкес тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі дауыс беретін акциялардың (үлестердің) елу және одан да көп пайызын Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеу тәртібі мен өлшем Шарттарын айқындайды.

2. Регламент мынадай принциптерге негізделеді:

1) тапсырыс берушілер мен өнім берушілердің құқықтарын және (немесе) заңды мүдделерін сақтай отырып, Шарттар жасасу процесінің ашықтығы мен транспаренттілігі;

2) адал бәсекелестік;

3) жауапкершілік;

4) сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу.

3. Регламенттің міндеттері мынадай:

1) Жаңаөзен қаласында жұмыс орындарын құру бойынша жұмысты ұйымдастыру;

2) Тапсырыс берушілерді сапалы тауарлармен қамтамасыз ету.

## 2 Қолданылу аясы


4. Осы Регламент мыналарды айқындайды:

1) Жұмыс тобын құру және оның қызметін ұйымдастыру тәртібі;

2) Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеу рәсімі;

3) процеске қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі.


5. Осы Регламентпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес реттеледі.


 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰАТТЫҒА КІРГІЗІЛГЕН</small>	Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеу регламенті	
Регламент	KMG-RG-4929.1-34	15 беттің 2-беті

### 3 Анықтамалар мен қысқартулар

6. Осы регламентте мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

<b>Баламалы Өтінімдер</b>	Бәсекелестік ортаны қамтамасыз ету мақсатында Веб-сайтта баламалы Өтінімдерді қабылдау туралы орналастырылған хабарландыруға сәйкес өзге де Әлеуетті инвесторлар (өнім берушілер) жіберген Өтінімдер;
<b>Веб-сайттар</b>	Тапсырыс беруші мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның ресми сайттары;
<b>Жеткізу Шарты (Шарт)</b>	Тапсырыс беруші мен Әлеуетті инвестор (өнім беруші) арасында болашақта Әлеуетті инвестор (өнім беруші) жеткізудің құны, саны (көлемі) және мерзімдері бойынша алдын ала келісілген талаптарда өндіруді және жеткізуді қамтамасыз етуді жоспарлап отырған тауарды жеткізуге жасалған Шарт;
<b>Тапсырыс беруші</b>	дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде Жаңаөзен қаласында орналасқан меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалар;
<b>Тапсырыс берушілер</b>	Жаңаөзен қаласында орналасқан дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалар;
<b>Жобаны іске асыруға Өтінім (Өтінім/өтініш)</b>	KMG-F-4930.1-34/KMG-RG-4929.1 - 34 және KMG-F-4978.1-34/KMG-RG-4929.1-34 нысандары бойынша Тапсырыс берушілер сатып алатын тауарлар өндірісін оқшаулауды ұйымдастыру мақсатында Әлеуетті инвестор (өнім беруші) беретін Өтінім;
<b>Мониторинг</b>	Инвестордың (өнім берушінің) Өтінім көрсеткіштері және жасалған Шарттың (қолданылу мерзімі шегінде) негізінде Жобаны іске асыру бойынша алған міндеттемелерін орындауын тексеру/растау жөніндегі іс-шаралар кешені;
<b>Мониторингтік топ</b>	Тапсырыс берушінің (топ жетекшісі), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, жергілікті атқарушы органның (келісім бойынша), «Ақтау теңіз порты» АЭА» АҚ (келісім бойынша) және Маңғыстау облысының өңірлік кәсіпкерлер палатасының (келісім бойынша) өкілдерінен тұратын мониторингті

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеу регламенті</b>	
<b>Регламент</b>	<b>KMG-RG-4929.1-34</b>	<b>15 беттің 2-беті</b>
	<p>жүзеге асыратын мамандар (сарапшылар) тобы. Мониторингтік топтың жұмысына қоғамдық салалық бірлестіктердің өкілдері (қажет болған жағдайда бақылаушы ретінде) және/немесе құзыреті бойынша қорытынды беру құқығы бар тәуелсіз сарапшылар да тартылуы мүмкін. Бұл ретте мониторингтік топтың құрамына осы Жобаны іріктеу кезінде Жұмыс тобында болған өкілдерді қосуға тыйым салынады;</p>	
<b>Мониторингтік есеп</b>	<p>өнім берушінің өндірістік алаңын Мониторингтің нәтижелері бойынша қорытындыны қамтитын және мониторингтік топ мүшелері қол қоятын мониторингтік топ қалыптастыратын есеп;</p>	
<b>Ұлттық палата</b>	<p>«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы;</p>	
<b>Жоба</b>	<p>жасалған Шарт негізінде іске асырылатын, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобын сатып алуға қатысу мақсатында Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) Өтінімімен бастамашылық етілетін Жаңаөзен қаласындағы өндірісті оқшаулауға бағытталған бизнес-Жоба;</p>	
<b>Оқшаулауға арналған тауарлар тізбесі (тауарлар тізбесі)</b>	<p>KMG-F-4932.1-34/KMG-RG-4929.1-34 нысаны бойынша Тапсырыс берушілердің басқару органдарының шешімімен бекітілетін Тапсырыс берушілер тарапынан тұрақты және ұзақ мерзімді қажеттілігі бар тауарлардың тізбесі;</p>	
<b>Инвестор (өнім беруші)</b>	<p>кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, онымен жасалған сатып алу туралы Шартта Тапсырыс берушінің контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға (егер олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), консорциум;</p>	
<b>Әлеуетті инвестор (өнім беруші)</b>	<p>кейіннен пайда алу мақсатында Жобаны іске асыруға капиталды орналастыруды жоспарлайтын; сондай-ақ іріктеуге қатысуға Өтінім берген жеке немесе заңды тұлға;</p>	
<b>Сатып алуды жүзеге асыру тәртібі (Тәртіп)</b>	<p>«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібі;</p>	
<b>Жұмыс тобы</b>	<p>Тапсырыс берушінің (топ жетекшісі), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Маңғыстау облысы және/немесе Жаңаөзен қаласы</p>	

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰАТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеу регламенті</b>	
Регламент	KMG-RG-4929.1-34	15 беттің 2-беті

	<p>жергілікті атқарушы органының және Маңғыстау облысының өңірлік кәсіпкерлер палатасының (келісім бойынша) өкілдерінен тұратын алқалы орган. Жұмыс тобының жұмысына қоғамдық салалық бірлестіктердің өкілдері және құзыреті бойынша қорытынды беру құқығы бар тәуелсіз сарапшылар тартылуы мүмкін. Дербес құрам Тапсырыс берушінің бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі;</p>
--	---

7. Осы Регламенттің 6-тармағында көрсетілмеген өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және тәртіппен айқындалатын мәндерде пайдаланылады.

#### **4 Жауапкершілік**

##### **8. Тапсырыс беруші:**

- Жұмыс тобының құрамын қалыптастыру және бекіту жөніндегі жұмысты уақтылы ұйымдастыруға;

Тауарлар тізбесін уақтылы қалыптастыру және бекітуге;

- Инвестормен уақтылы Шарт жасауға жауапты болады.

##### **9. Жұмыс тобы:**

- осы Регламенттің талаптарына сәйкес баламалы Өтінімдерді, Жұмыс тобының хаттамаларын, Жұмыс тобы хатшысының байланыс деректерін және өзге де ақпаратты қабылдау бойынша өткізілетін тауарлар тізбесін, конкурстарды бекіту туралы бизнес-қоғамдастықты хабардар ету, ақпаратты Веб-сайтта орналастыруға;

- осы Регламенттің талаптарына сәйкес Инвесторларға Өтінімдер беру тәртібін түсіндіруге байланысты іс-шараларды жүзеге асыруға;

- Жұмыс тобының мүшелері (міндетті түрде) құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісімнің (KMG-F-4935.1-34/KMG-RG-4929.1-34) Шарттарын жасасуды және сақтауды қамтамасыз етуге;

- Өтінімдерді қабылдау және қарауға;

- Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеуді жүргізу және Тапсырыс берушінің атына Инвесторды таңдау бойынша ұсынымдар жолдауға;

- Жұмыс тобының хатшысын анықтау;

- Тапсырыс берушіге және Инвесторды таңдау туралы ұсынымдармен жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Жұмыс тобы қабылдаған шешім туралы Инвесторға хабарлама жіберуге жауапты болады.

##### **10. Өз құзыреті шегінде Жұмыс тобы келесі функцияларды орындайды:**

1) Әлеуетті инвесторды (өнім берушіні) іріктеуді жүзеге асырады;

2) Энергетика, өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне, облыстардың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктеріне, «Самұрық-Қазына» АҚ, «Ақтау теңіз порты» АЭА» АҚ, «KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы» АҚ және Ұлттық палатаға тауарлардың тізбесін бекіту туралы және баламалы Өтінімдерді қабылдау мерзімдері туралы ақпаратпен хабарлама жібереді;



3) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Тәртіптің және осы Регламенттің талаптарына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

11. Мониторингтік топ Өнім берушінің міндеттемелерді орындауына мониторинг жүргізуге байланысты іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты болады.

12. Әлеуетті инвестор (өнім беруші) мен Инвестор:

- Өтінім құрамында ұсынылатын мәліметтердің (ақпараттың) толықтығы мен дұрыстығына;

- Жоба бойынша міндеттемелерді уақтылы және тиісінше орындауға;

- құпия ақпаратты (KMG-F-4935.1-34/KMG-RG-4929.1-34) жария етпеу туралы келісім Шарттарын сақтауға жауапты болады.

13. Әлеуетті инвесторға (өнім берушіге) қатысуға рұқсат етілмейді, егер:

1) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде және (немесе) сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз Әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесінде және (немесе) оларға қатысты соттың оларды банкрот деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген борышкерлер тізімінде тұрса;


2) басшы және (немесе) құрылтайшы (акционер) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде тұрса;

3) Әлеуетті инвестор (өнім беруші) салық түсімдерін және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін жеңілдікті салық салынатын мемлекеттер тізбесіне енгізілген, тіркелген орны мемлекет немесе аумақ болып табылатын заңды тұлға болып табылады;

4) осы Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) және (немесе) осы Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе бірінші басшыларының жекжаттары Өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқылы немесе өткізілетін сатып алуларда Тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының өкілі болып табылады;

5) сатып алуға қатысуға үміткер Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) басшысы жосықсыз қатысушылар тізіліміндегі және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ жосықсыз Әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіндегі заңды тұлғаларды басқарумен, мекемемен, жарғылық капиталына қатысумен байланысты;

6) іріктеуге қатысуға үміткер Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) басшысы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, жосықсыз қатысушылар тізіліміне және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ жосықсыз Әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне енгізілген жеке тұлға болып табылады;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ</small>	<b>Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеу регламенті</b>	
<b>Регламент</b>	<b>KMG-RG-4929.1-34</b>	<b>15 беттің 2-беті</b>

7) баланстық құны тиісті негізгі құралдар құнының он процентінен асатын Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) мүлкіне тыйым салынған;

8) Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болады және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізеді;

9) Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес Әлеуетті өнім беруші мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрады;

10) Әлеуетті инвестор (өнім беруші) және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылар (акционерлер) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген.

## **5 Регламенттің сипаттамасы**

14. Осы Регламентті іске асыру процесі мыналарды қамтиды:

1) Тауарлар тізбесін қалыптастыру және бекіту;

2) Жұмыс тобын құру;

3) Жобаны іске асыру үшін Әлеуетті инвесторлардан (өнім берушілерден)

Өтінімдер қабылдау;

4) Әлеуетті инвесторлардан (өнім берушілерден) Жобаны іске асыруға Балама Өтінімдер қабылдау;

5) Жобаны іске асыруға Өтінімдерді (оның ішінде Әлеуетті инвесторлардан (өнім берушілерден) Баламалы (бар болса) олардың осы Регламентке, Тәртіпке және заңнамаға сәйкестігі тұрғысынан қарау;


6) Өтінімдерді бағалау және Жұмыс тобының Әлеуетті инвесторды (өнім берушіні) таңдау туралы ұсыным беруі;

7) Тапсырыс берушінің Әлеуетті инвестормен (өнім берушімен) Шарт жасауы;

8) Мониторингтік топ құру;

9) Инвестор (Өнім беруші) іске асыратын Жобаның мониторингін жүргізу.

15. Жұмыс тобын Төраға басқарады, ол Тапсырыс берушінің бірінші басшының орынбасарынан төмен емес лауазымдағы жұмыскері болуы мүмкін.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY</small> <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ</small>	Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеу регламенті	
Регламент	KMG-RG-4929.1-34	15 беттің 2-беті

Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін Жұмыс тобының шешімімен айқындалатын Жұмыс тобы мүшелерінің бірі орындайды.

16. Жұмыс тобы өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Тәртіпті және осы Регламентті басшылыққа алады.

17. Тапсырыс берушінің шешімі Тәртіптің 73-бабы 1-тармағы 14) тармақшасының заңдық күшінен айырылуына сәйкес Жұмыс тобының қызметін тоқтату үшін негіз болып табылады.

18. Жұмыс тобының Төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Жұмыс тобының отырыстарын шақырады, отырыстарға Төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.


Жұмыс тобының бірінші отырысында Төрағаның ұсынуы бойынша Тапсырыс берушінің жұмыскерлері қатарынан Жұмыс тобының дауыс беруімен Жұмыс тобының мүшесі болып табылмайтын хатшысы айқындалады.

19. Хатшы:

- Жұмыс тобы отырысының күн тәртібін қалыптастырады;
- Веб-сайттарда Өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыруларды, жекелеген хаттамаларды жариялауды, сондай-ақ Регламентте көзделген жағдайларда хабарламаларды жіберуді қамтамасыз етеді;
- Жұмыс тобының отырысына осы Регламентте көзделген құжаттарды, материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді;
- Жұмыс тобының шешімдерінің орындалуын мониторингілейді және бақылайды;
- Жұмыс тобының мүшелеріне және Әлеуетті инвесторларға (өнім берушілерге) отырыстарды өткізу орны, уақыты және нысаны көрсетілген шақырулар жібереді;
- Жұмыс тобы отырыстарының хаттамаларын қалыптастырады;
- Төрағаның, Жұмыс тобының мүшелерінің және басқа да адамдардың хаттамалармен танысуын және оларға қол қоюын қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда);
- Жұмыс тобы хаттамаларының көшірмелерін Төрағаға және оның мүшелеріне, Өтінім жіберген Әлеуетті инвесторларға (өнім берушілерге) жібереді;

20. Жұмыс тобының отырыстары, егер оларға дауыс беруге құқығы бар Жұмыс тобының жалпы құрамының кемінде 2/3 мүшесі қатысса, заңды деп есептеледі. Жұмыс тобының мүшелері отырыстарға ауыстыру құқығынсыз қатысады. Бұл ретте жергілікті атқарушы орган, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Маңғыстау облысының Өңірлік кәсіпкерлер палатасы өкілінің (өкілдерінің) қатысуы міндетті.

21. Осы Регламент шеңберінде Әлеуетті инвесторды (өнім берушіні) іріктеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібі мынадай кезеңдерді қамтиды:

 <b>КазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰАТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеу регламенті	
Регламент	KMG-RG-4929.1-34	15 беттің 2-беті

21.1 Тауарлар тізбесін қалыптастыру және бекіту, Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іздеу жөніндегі іс-шаралар:

1) Тапсырыс берушілердің қолда бар қажеттілікті талдауды жүзеге асыруы (тауарларға қажеттілік тұрақты және ұзақмерзімді болуға тиіс);

2) KMG-F-4932.1-34/KMG-RG-4929.1-34 нысаны бойынша Тапсырыс берушілердің басқару органдарының шешімдерімен Тауарлар тізбесін қалыптастыру, бекіту (30 желтоқсанға дейін, жыл сайын) және өзектілендіру (31 маусымға дейін, жыл сайын);

3) Тауарлар тізбесі бекітілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жұмыс тобының Тауарлар тізбесі, Өтінімде көзделген қажетті құжаттар тізбесі, осы Регламентте көзделген Өтінімдерді қабылдау тәртібі, Жұмыс тобы хатшысының байланыс деректері және өзге де қажетті ақпаратты қамтитын Әлеуетті инвесторлардан (өнім берушілерден) Өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыруларды Веб-сайттарда 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастыру.

Осы кезеңде Өтінімдерді қабылдау мерзімі белгіленбейді, хабарландыру Әлеуетті инвестордан (өнім берушіден) бірінші Өтінім түскенге дейін қолданылады.


Егер Өтінім беру сәтінде тауарлар тізбесі өзекті болып табылмаса, Өтінім 3 күн ішінде Әлеуетті инвесторға (өнім берушіге) қайтарылады және сол мерзімде Веб-сайттарда тауарлардың қолданыстағы тізбесі орналастырылады;

4) Жұмыс тобының Тауарлар тізбесі бекітілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Регламенттің 21.1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ақпарат орналастырылған Веб-сайтқа сілтемені көрсете отырып, Жаңаөзен қаласының аумағында өндірісті оқшаулауға ниет білдірген Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іздеу мақсатында Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне, облыстардың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктеріне, «Самұрық-Қазына» АҚ, «Ақтау теңіз порты» АЭА» АҚ, «KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы» АҚ, Ұлттық палатаға жазбаша хабарлама жіберуі.

21.2 Жобаны іске асыруға Өтінімдер қабылдау:

1) Әлеуетті инвесторлардың (өнім берушілердің) KMG-F-4930.1-34/KMG-RG-4929.1-34 және KMG-F-4978.1-34/KMG-RG-4929.1-34 нысаны бойынша Өтінімдерді/Өтініштерді, сондай-ақ қажетті құжаттарды қалыптастыруы және жолдауы. Бұл ретте Әлеуетті инвестор (өнім беруші) Өтінімді құжаттардың бірыңғай пакетімен пароль түріндегі қорғауды орната отырып (KMG-F-4930.1-34/KMG-RG-4929.1-34 нысаны бойынша ұсынылған құжатқа), электрондық мекенжайға жібереді. Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) пароль түрінде ақпаратты қорғауды орнатпауы Өтінімді қабылдамау үшін негіз болып табылмайды. Әлеуетті инвестор (өнім беруші) Жұмыс тобы хатшысының электрондық



 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ</small>	<b>Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеу регламенті</b>	
<b>Регламент</b>	<b>KMG-RG-4929.1-34</b>	<b>15 беттің 2-беті</b>

мекенжайына парольді ашу күнінен (Астана қаласының уақыты бойынша) 11 сағат 00 минуттан кешіктірілмейтін мерзімде (ашу күні — осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес Веб-сайтта орналастырылған хабарландыруға сәйкес Өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен кейінгі күн) жібереді;

2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес Әлеуетті инвестор (өнім беруші) Өтінімді жіберген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Веб-сайттарда Регламенттің 21.1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген ақпаратты, сондай-ақ Баламалы Өтінімдерді қабылдау мерзімдері, Жұмыс тобының Өтінімдерді ашу күні мен бағалау мерзімі туралы мәліметтерді қамтитын Баламалы Өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыруларды орналастыру. Өтінімдерді қабылдау мерзімі хабарландырулар жарияланған күннен бастап кемінде 20 (жиырма) жұмыс күні болуға тиіс;

3) хабарландырулар жарияланған күннен бастап 1 (бір) күн ішінде осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне, облыстардың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктеріне, «Самұрық-Қазына» АҚ-ға, «Ақтау теңіз порты» АЭА» АҚ, «KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы» АҚ-ға, Ұлттық палатаға Өтінім жіберген Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) атына осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген хабарландыру орналастырылған Веб-сайттарға сілтемені көрсете отырып, Баламалы Өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы мәліметтерді қамтитын жазбаша хабарлама жіберу;


4) Әлеуетті инвесторлардың (өнім берушілердің) Баламалы Өтінімдерді қалыптастыруы және жіберуі осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген тәртіпке сәйкес келеді.

### 21.3 Жұмыс тобының Әлеуетті инвесторды (өнім берушіні) іріктеуі:

1) баламалы Өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде Жұмыс тобы іріктеуге қатысуға Өтінім берген Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) міндетті түрде шақыра отырып, Өтінімдерді ашуды жүзеге асырады. Әлеуетті инвесторлардың (өнім берушілердің) ашу рәсіміне қатысудан бас тартуы ресми тәсілмен жіберілуге тиіс және ашу хаттамасына қоса беріледі.

Ашылған Өтінімдер Жұмыс тобының Төрағасы мен мүшелеріне, шақырылған сарапшыларға және Әлеуетті инвесторларға (өнім берушілерге) танысу үшін ұсынылады. Әлеуетті инвесторлар (өнім берушілер) ұсынған құжаттардың тізбесін, Өтінім берудің нақты уақытын, ашу рәсімінің барысын, ашу рәсіміне қатысушылардың ескертулерін хатшы ашу хаттамасында тіркейді.

Ашу хаттамасына процестің барлық қатысушылары қол қояды. Ашу рәсіміне қатысушылардың біреуінің қол қоюдан бас тартуы хаттамада тіркеледі. Ашу

 <b>КазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ТАТТИМС КИМПАНИС</small>	Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеу регламенті	
Регламент	KMG-RG-4929.1-34	15 беттің 2-беті

хаттамасы қол қойылған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Веб-сайттарда орналастырылады.

2) ашу хаттамасы қалыптастырылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Жұмыс тобы KMG-F-4934.1-34/KMG-RG-4929.1-34 нысаны бойынша осы Регламенттің 22-тармағында көрсетілген өлшем Шарттарға сәйкес Өтінімдерді бағалауды жүргізеді;

3) Жұмыс тобы осы Регламенттің 21.3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Өтінімдерге жүргізілген бағалау негізінде осы Регламенттің 25-тармағына сәйкес Әлеуетті инвесторды (өнім берушіні) іріктеу жөнінде шешім қабылдайды;

4) әртүрлі Әлеуетті инвесторлардан (өнім берушілерден) 1 (бір) Жоба бойынша 2 (екі) және одан да көп Өтінімдер қаралған жағдайда, Жұмыс тобы осы Регламенттің 26-тармағында көзделген шешімдерді қабылдайды;

5) Регламенттің 21.3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес рәсімдер аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хатшы Өтінімдерді бағалау нәтижелерін және Жұмыс тобы ұсынған Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) атауын көрсете отырып, қорытындылар хаттамасын қалыптастырады, қол қоюды қамтамасыз етеді және Веб-сайттарға орналастырады;


6) келіп түскен шағымдар болмаған жағдайда (осы тармақтың 5) тармақшасына сәйкес қорытындылар хаттамасы орналастырылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде) Жұмыс тобы Тапсырыс берушінің атына ұсынылған Әлеуетті инвестор (өнім беруші) туралы ақпаратты (іріктеу қорытындысын, Өтінімді және оған қоса берілетін материалдарды, қорытындылар хаттамасын және т. б. қоса алғанда) жібереді;

7) шағымдар келіп түскен жағдайда (осы тармақтың 5) тармақшасына сәйкес қорытындылар хаттамасы орналастырылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде) Жұмыс тобы осы Регламенттің 28-тармағының негізінде шешім қабылдайды.

#### 21.4 Шарт жасау:

1) Тапсырыс берушіде белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушінің Жұмыс тобы ұсынған Әлеуетті инвестормен (өнім берушімен) Шарт жасауға байланысты іс-шараларды жүргізуі.

Бұл ретте, жасалатын Шарт бойынша локализациялауға жоспарланған тауарды сатып алу көлемі мен жеткізу мерзімі Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) өндірістік қуатынан аспауға, сондай-ақ Жобаға сәйкес Жаңаөзен қаласында өндірісті ұйымдастыру жоспарына сәйкес келуге тиіс. Әлеуетті инвесторда (өнім берушіде) Жаңаөзен қаласында қолданыстағы өндіріс болған жағдайда Тапсырыс беруші Жоба бойынша өндірістік қуаттың өсімінен аспайтын сомаға Шарт жасасады;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰАТТЫҚ ҚОҒАМЫ</small>	Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеу регламенті	
Регламент	KMG-RG-4929.1-34	15 беттің 2-беті

2) Тапсырыс берушінің ұсынылған Әлеуетті инвестормен (өнім берушімен) жасалған Шарт туралы мәліметтерді қамтитын Жұмыс тобының атына хабарлама жіберуі.

21.5 Жоба мониторингін жүргізу:

1) Инвестор (Өнім беруші):

- Шартта көзделген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді;
- өндірістік алаңдарды көрсетуді және/немесе Жобаға және жасалған Шартқа сәйкес міндеттемелердің орындалғанын растайтын қажетті құжаттарды ұсынуды қамтамасыз етеді;

- Тапсырыс берушіге Жобаның іске асырылу мәртебесі туралы хабарлайды (тоқсан сайын);

- KMG-F-4935.1-34/KMG-RG-4929.1-34 нысаны бойынша құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасады (міндетті түрде);

- Қазақстан Республикасының заңнамасына, Тәртіпке, осы Регламентке және жасалған Шартқа сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

2) Тапсырыс беруші мониторингті жүзеге асыру мақсатында Мониторингтік топ құрады.

3) Мониторингтік топ кемінде жылына 1 рет KMG-F-4931.1-34/KMG-RG-4929.1-34 нысаны бойынша Инвестор (Өнім беруші) іске асыратын Жобаға мониторинг жүргізу бойынша іс-шараларды жүзеге асырады. Мониторинг Жобалардың іске асырылуын бақылау, сондай-ақ Жобаларды іске асырмау тәуекелдерін азайту және алдын алу мақсатында жүргізіледі.

4) Мониторинг мыналарды қамтиды (бірақ олармен шектелмейді):

- Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған Шарттың көрсеткіштеріне сәйкес Жобаны іске асырудың аралық нәтижелерінің сәйкестігі мәніне талдау (негізгі параметрлері: 1. жұмыс істеп жүрген жұмыскерлер үшін құрылған жұмыс орындарының саны (Жаңаөзен қаласында тұрғылықты жері бойынша тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары); 2. инвестициялар көлемі; 3. өндірісті ұйымдастыру мерзімі; 4. тауардағы жергілікті қамту үлесі (елішілік құндылық); 5) жасалған Шарт бағасының жіберілген Өтінімге сәйкес бағаға сәйкестігі);

- түзету шараларын қабылдау бойынша ұсыныстар әзірлеу (қажет болған жағдайда).

5) Мониторинг жүргізу процесі келесі дәйекті кезеңдерден тұрады:

- нақты деректердің Өтінімге және Шартқа сәйкес мәлімделген көрсеткіштерге сәйкестігін бағалау;

- тоқсан сайынғы есепте Өнім беруші мәлімдеген Жобаны іске асыру мәртебесін айқындау, сондай-ақ жасалған Шартта көрсетілген мәлімделген көрсеткіштердің сәйкестігін/сәйкессіздігін анықтау тұрғысынан көшпелі мониторингті жүзеге асыру;

- Мониторингтік есепті қалыптастыру;



6) Мониторингтік топ Инвестор ұсынған деректерді келесі параметрлер бойынша бағалайды:

толықтығы - қоса беріліп отырған ақпарат, құжаттар олардың осы Регламенттің талаптарына сәйкестігін бағалау үшін жеткілікті көлемде ұсынылған;

дұрыстығы - жіберілген құжаттардың мазмұны нақты көрсеткіштерге және істердің шынайы жай-күйіне сәйкес келеді;

өзектілігі - қоса беріліп отырған құжаттар Мониторинг жүргізу күніне өзекті және жарамды болып табылады;

қадағалау - процестерді орындаудың белгіленген тәсілдері (стандарттар, рәсімдер, регламенттер, нұсқаулықтар) іс жүзінде сақталады және құжаттық жазбалармен расталады.

7) Мониторинг жүргізу барысында Мониторингтік топ тексеру барысында Инвестор ұсынған құжаттардың сканерленген көшірмелерін қолда бар растаушы құжаттарға толықтырулар ретінде сұратуға құқылы.

8) Егер ұсынылған растайтын құжаттар мен мәліметтер Регламенттің 21.5-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген бір және одан да көп параметрді қанағаттандырмаса, Мониторингтік топ Инвестор ұсынған деректердің сәйкессіздігін белгілейді. Сәйкессіздік (сәйкессіздіктер) анықталған жағдайда, Мониторингтік топ оны Мониторингтік есепте көрсетуге және жасалған Шартқа сәйкес тиісті шаралар қабылдау үшін Тапсырыс берушінің қарауына жіберуге міндетті.

## **6 Әлеуетті Инвесторды (Өнім берушіні) іріктеу критерийлері және Шарттар жасасу ерекшеліктері**

22. Әлеуетті Инвесторлар (Өнім берушілер) ішінен жеңімпазды іріктеуді Жұмыс тобы мынадай өлшем Шарттар бойынша жүргізеді (KMG-F-4933.1-34/KMG-RG-4929.1-34 нысаны):

### Негізгі критерийлер:

1) өндірісті іске қосқаннан кейін және тауарларды Тапсырыс берушіге жеткізу кезеңінде Жаңаөзен қаласында тұрғылықты жері бойынша тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары үшін іске асырылатын жұмыс орындарының Жобасы шеңберінде Әлеуетті инвестор (өнім беруші) құратын жұмыс орындарының саны;

2) жоспарланған инвестициялар көлемі;

3) Жобаны іске асырудың жоспарланған мерзімі;

### Әрбір жеке тауарға бағаланатын критерийлер:

1) Жоба бойынша өнімнің құны;

2) Әлеуетті инвестор (өнім беруші) өндіретін тауардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесі;

3) Қазақстан Республикасының аумағында бәсекелі ортаның болуы;

4) Әлеуетті инвесторда (өнім берушіде) Жоба бойынша тауар өндіру тәжірибесінің болуы.



23. Іске асырылатын Жоба бойынша Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) әрбір жеке тауарына бағаланатын өлшем Шарттарды Жұмыс тобы олардың Тауарлар тізбесінде болмаған және баламалы Өтінімдерді қабылдау жөніндегі конкурста болмаған жағдайларда есепке алмайды.

24. Әлеуетті инвестордың (өнім берушінің) оқшаулауға ұсынылған тауарлары Өтінімге сәйкес қаралмайды және егер оқшаулауға жоспарланған тауардың құны тауардың құнынан асып кеткен және/немесе ұсынылған техникалық ерекшелік тауарлар тізбесіне сәйкес бекітілген деректерге сәйкес келмеген жағдайда, Жұмыс тобы қабылдамауға тиіс.

25. Жұмыс тобының шешімдері Жұмыс тобы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады:

1) дауыстар тең болған кезде Төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады;

2) Жұмыс тобы отырысының хаттамасына отырысқа қатысып отырған Жұмыс тобының барлық мүшелері дауыс берген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды.

26. Әр түрлі Әлеуетті Инвесторлардан (Өнім берушілерден) 1 (бір) Жоба бойынша 2 (екі) және одан да көп Өтінімдер қаралған жағдайда, Жұмыс тобы мынадай шешімдер қабылдайды:

1) Іріктеу нәтижесіне сәйкес іске асырылатын Жоба бойынша Әлеуетті инвесторларда (өнім берушілерде) балл саны тең болған жағдайда, құрылатын жаңа жұмыс орындары санының үлкен көрсеткіші бар Әлеуетті инвестор (өнім беруші) басым болып танылады;

2) құрылатын жаңа жұмыс орындары санының көрсеткіштері тең болған кезде жіберілген Өтінімге сәйкес жоспарланған инвестициялар көлемінің көрсеткіші үлкен Әлеуетті инвестор (өнім беруші) басым болып танылады;

3) жоспарланған инвестициялар көрсеткіштері тең болған кезде Жоба бойынша өнім құнын айқындау кезінде үлкен балы бар Әлеуетті инвестор (өнім беруші) басым деп танылады;

4) Жоба бойынша өнім құнының көрсеткіштері тең болған кезде Өтінімі басқа Өтінімдерден бұрын келіп түскен Әлеуетті инвестор (өнім беруші) басым болып танылады.

27. Жұмыс тобының отырысы өткізілгеннен кейін Жұмыс тобының хатшысы қорытындылар хаттамасын ресімдейді және Жұмыс тобы қол қойған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны Веб-сайтқа орналастырады.

28. Әлеуетті инвестор (өнім беруші) қорытындылар хаттамасы веб-сайтта жарияланған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде іріктеу қорытындысына шағымдануға құқылы.

28.1 Шағымды Әлеуетті инвестор (өнім беруші) Жұмыс тобының атына жібереді және ол мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) шағым берген тұлғаның атауы, орналасқан жері;
- 2) бұзушылықтар жасалған Жоба туралы мәліметтер;
- 3) шағымданатын әрекеттер (әрекетсіздіктер).

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ</small>	<b>Әлеуетті инвесторларды (өнім берушілерді) іріктеу регламенті</b>	
<b>Регламент</b>	<b>KMG-RG-4929.1-34</b>	<b>15 беттің 2-беті</b>

28.2 Бар болған жағдайда шағымға шағым берген адамның дәлелдерін растайтын құжаттар қоса беріледі.

28.3 Шағымға Әлеуетті инвестор (өнім беруші) немесе оның өкілі қол қояды. Өкіл берген шағымға сенімхат немесе өкілдің өкілеттігін куәландыратын өзге де құжат қоса берілуге тиіс.

28.4 Шағымды Жұмыс тобы оны берген адамға келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарамай қайтарады, егер:

1) шағым осы Регламенттің 28-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін жіберілген болса;

2) шағым іріктеу нәтижелеріне сәйкес қорытындылардың шағымданатын хаттамасы шеңберінде Жаңаөзен қаласында өндірісті оқшаулауға Өтінім бермеген тұлғаға жіберілген болса;

3) шағым осы Регламенттің 28.1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

4) шағымға қол қойылмаған немесе оған қол қоюға өкілеттігі жоқ адам қол қойған болса.

